



*Ел жүргі - елорда шекіресі*

# АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## Ғабенің бейнесі

**Сурет те сөйлейді екен. Белгілі қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сұлтан Оразалы көрсеткен суреттің тарихы бізді елең еткізді.**



Аса көрнекті жазушы Ғабит Мұсіреповтің сырбаз бейнесі көзімізге жылы ұшырады. Сұлтан ағамыздың да жалын атып тұрған жас шағы. Бұл құнды дүние 1973 жылы 11 қыркүйекте Алматыда өткен Азия–Африка жазушыларының конференциясы қарсаңында, яғни тұра бір ай бұрын 11 тамызда Қазақ телевизиясының шағын студиясында түсірілген. Одан әрі әңгімені қаламгер өзі бастап кетті.

– Бұл – Ғабит Мұсіреповтен алғаш сұхбат алып тұрған сәтім. Қазақстанның тарихында тұңғыш рет өтіп отырған әлемдік маңызы бар жиынға дүние жүзінің 70-тен астам мемлекеттің ақын–жазушылары келді. Соған дайындық ретінде тұтас сериялық хабарлар әзірледім. Соның алғашқысын Ғабенен бастадым. Өйткені Ғабит ағамыз 1958 жылы Ташкентте өткен Азия–Африка жазушыларының бірінші конференциясына қатысқан. Онда Мұхтар Әуезов сөз сөйлеген. Ғабен хабарда жиын туралы, қаламгерлер жайында біраз толғаныстарын айтты. Кейін ол «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. Конференция барысында қадірлі қонақтарға бір сағаттық Ғабит Мұсіреповтің шығармашылық портреті көрсетілді. Сонда осы сурет те берілді. Менің Ғабенмен жақын таныстығым осыдан басталды. Кейін ол кісінің 75, 80 жылдық мерейтойларында ауқымды әдеби хабарлар жасадым. Мінекей, осы сурет ардақты тұлғамен алғашқы кездесудің естелігі болып қалды, – деді өткен күннен сыр тартқан Сұлтан ағамыз.